Әділет

# Шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қоғамдық үйлестіру кеңесін құру туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1436. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Ұлт денсаулығын нығайтуға арналған жағдайларды қамтамасыз ету шылым шегудің таралуы мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес шараларын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде Шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қоғамдық үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - қоғамдық үйлестіру Кеңесі) құрылсын.

2. Қоғамдық үйлестіру кеңесі бір айлық мерзімде Шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қоғамдық үйлестіру кеңесі туралы ережені әзірлесін және бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Қоғамдық үйлестіру кеңесіне мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып, 2 айлық мерзімде шылым шегуге қарсы күрес, халықтың арасында темекі шегудің таралуының алдын алу жөніндегі 2000-2003 жылдар кезеңіне арналған орта мерзімді мақсатты бағдарлама әзірлеу және бекіту ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері өз құзыреттерінің шегінде шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі республикалық және аймақтық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыруға және өткізуге, никотинге қарсы халықаралық конкурстың қазақстандық бөлігінің іс-шараларын жүзеге асыруға қажетті көмек көрсетсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі

N 1436 қаулысына қосымша

## Шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қоғамдық үйлестіру кеңесінің құрамы

Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға

Қонақбаев Серік Керімбекұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)

Ақанов Айқан Ақанұлы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығының бас директоры, төрағаның орынбасары

Нагинский Владимир Мусиевич - Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығының жанындағы Инновациялар жөніндегі ақпараттық-енгізу агенттігінің директоры, хатшы

Кеңес мүшелері

Ахметов Әшімжан Сүлейменұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Досымбетов Тимур Камалұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиадалық комитетінің бірінші вице-президенті (келісім бойынша)

Әубәкірова Жания Жақияқызы - Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ректоры (келісім бойынша)

Сейдаханов Ескендір Өркенұлы - Астана қаласы әкімінің орынбасары

Бексұлтанов Мәди Қазыбекұлы - "Қазақстанның болашағы үшін" республикалық жастар қозғалысының төрағасы (келісім бойынша)

Ысқақов Бауыржан Азатұлы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Емдеу-алдын алу мекемелері қызметін үйлестіру жөніндегі департаментінің директоры

Шалекенов Болат Уахитұлы - Алматы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтының ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры

Қадыров Наджат Хұджатұлы - Қазақстан Республикасы Жұмыс берушілер конфедерациясының атқарушы директоры (келісім бойынша)

Көккөзова Ләззат - "Хабар" агенттігі жабық акционерлік қоғамының продюсері (келісім бойынша)

Мельцер Игорь Максимович - "Время" апталық газетінің бас редакторы (келісім бойынша)

Әбсаттар қажы Ә. Дербісалиев - Қазақстан муфтиі (келісім бойынша)

Отец Алексий (Кутепов Андрей Николаевич) - Астана және Алматы архиепископы (келісім бойынша)

Озғанбаев Өмірзақ Озғанбайұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақ білім академиясының президенті

Оспанбекова Жанат Тотайқызы - "Шылым шегуді таста және ұтып ал, 2000 ж." темекіге қарсы халықаралық конкурстың ұлттық директоры

Панин Константин - "Қазақстан Филипп Моррис" корпоративтік байланыстар директоры (келісім бойынша)

Преображенский Борис Николаевич - Н.Сац атындағы Балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік академиялық орыс

театрының көркемдік жетекшісі (келісім бойынша)

Шамсутдинова Светлана Юрьевна - "Қазақстан тұтынушыларының ұлттық лигасы" Республикалық қоғамдық қорының президенті (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК